

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

ДИНТАНУ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТАНУ КАФЕДРАСЫ

**МИССИОНЕРЛІК ӘДІСТЕРІ**  
**ПӘНІ БОЙЫНША**  
5 кредит (ECTS)  
**ҚЫСҚАША ДӘРІСТЕР КОНСПЕКТІСІ**

Алматы, 2021

**«Миссионерлік әдістері» пәні бойынша дәрістердің қысқаша конспектісі**  
**3 курс, бакалавриат, к/б, көктемгі семестр, 5 кредит**

Дәріс 1. Кіріспе. Миссионерлік ұғымы: генезисі және эволюциясы

Дәрістің мақсаты: студенттердің миссионерлік ұғымы және оның адамзат тарихында қалыптасуы туралы түсініктерін қалыптастыру

Дәріс тезистері: Миссия сөзі, латын тілінен «mission» - міндет, жауапкершілік, орындалуы тиіс тапсырма деп аударылады. Миссионерлік – діни қызметтің маңызды түрлерінің бірі, әсіресе әлемдік деп аталатын діндермен байланысты пайда болған ұғым. Миссионерлік ұғымы ғылыми қолданысқа христиан дінінің категориалды аппаратынан алынды. Сол себепті бұл термин батыста қалыптасқан дәстүр аясында қолданылады. Бастапқыда, миссионерлік сөзі «сенімді тарату», «Евангелиені насихаттау», «шіркеулерді құру», «халықтарды оқу-ағарту ісі» мағыналарын білдірсе, кейіннен миссионерлерді өзге елге жіберу, миссионерлердің қызметі, оларды жіберген ұйымдар және діни сенімді тарататын аймақтарды білдірді. Діни ілім тұрғысынан болса, миссионерлікке - сенімді насихаттау, Құдай патшалығын орнату, пұтқа табынушылардың сенімді қабылдауы және жаңа шіркеулердің пайда болуы деген анықтамалар берілді.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Бош Д. Преобразование миссионерства: сдвиги парадигмы в богословии миссионерской деятельности. – СПб.: Библия для всех, 2013. – 640 б.
2. Құрманалиева А.Д., Утебаева Д.С. Адамзат тарихындағы миссионерліктің қалыптасу ерекшеліктері // ҚазҰУ Хабаршысы, Философия сериясы, Мәдениеттану сериясы, Саясаттану сериясы. – 2015 – №1(50). – 230-236 бб.
3. Радугин А.А. Введение в религиоведение: теория, история и современные религии: курс лекций. - М.: Центр, 2013.- 240с.
4. Курманалиева А.Д., Утебаева Д.С., Әскенұлы Е. Миссионерлік әдістері. – А., 2019 –178 б.
5. <http://elibrary.kaznu.kz>

Дәріс 2. Діндер классификациясы: миссионерлік және миссионерлік діндер

Дәрістің мақсаты: дінді зерттеудің пайда болу көздерін анықтау және діндердің жіктелуін жүйелеу.

Дәріс тезистері: М. Мюллер бойынша діндердің жіктелуі. Миссионерлік діндер: буддизм, христиан және ислам. Миссионерлік емес діндер: зороастризм, иудаизм және индуизм. Жіктеу критерийлері мен принциптері: географиялық орналасуы, әмбебаптығы, тез таралуы. Тік (иерархиялық) және көлденең (диффузиялық) таралу.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Байтенова Н.Ж. и другие. Основы религиоведения. – Алматы: Қазақ университеті, 2015 г.
2. Sharma A. Problematizing Religious Freedom // Studies in Global Justice. – 2011. – № 9. – 263 p. // <http://www.springer.com/series/6958>
3. Cambridge dictionary // <http://dictionary.cambridge.org/dictionary/english/proselytize>.
4. <http://elibrary.kaznu.kz>
5. <https://www.britannica.com>

Дәріс 3. Буддизм және миссионерлік

Дәрістің мақсаты: буддизмдегі миссионерлік ерекшеліктерін анықтау;

Дәріс тезистері: Буддизм басынан бастап миссионерлік дін болды. Будда өзінің ілімдерін уағыздап, кең аумақтарды аралап шықты: Оның қанатты сөзі бар «монахтар, барыңыз, көптеген адамдардың игілігі мен игілігі үшін саяхаттаңыз». Буддизмнің таралуы III ғасырда б.з. д. 268 жылы Үндістан тарихындағы ең ұлы тұлғалардың бірі Ашока Маурья Үндістанның патшасы болған кезде айтарлықтай қарқын алды.

Жаулап алулар кезінде ол Маурья әулетінің империясының аумағын кеңейтіп, оны британдық билік кезеңіне дейін Үндістан тарихындағы ең үлкен мемлекетке айналдырды. Шығыс жағалауындағы қазіргі Орисса штатының аумағында қанды шайқастан кейін, ол тәубаға келіп, буддизмге бет бұрды. Ұзақ уақыт билік еткен қалған жылдары ол буддизм принциптерін ұстанды. Үндістанда буддизмнің таралуына ықпал етумен қатар, Ашока елшілерді Таяу Шығыс пен Македонияның басқа билеушілерінің сарайларына, сондай-ақ сингал шежіресі бойынша Оңтүстік-Шығыс Азияға жіберді. Бұл миссиялар туралы жазбалар тастарда жазылған және үнді тарихының алғашқы кезеңі туралы ең сенімді ақпарат көзі болып табылады. Бұл миссиялардың немен аяқталғаны нақты белгісіз, бірақ батысқа бағытталғандар, шамасы, Батыс деректеріндегі буддизм туралы алғашқы ескерту Александрия Клементінің жазбаларында кездесетіндігіне және II ғасырға жататындығына байланысты ерекше жетістіктерге жеткен жоқ есептеуге болады. Камбоджада, Лаоста және Вьетнамда буддизмнің таралу тарихы ұқсас, дегенмен шығысқа қарай тхеравада буддизмі махаянаға жол ашады. Бұл аймақтарда, тхеравада, махаяна және жергілікті нанымдардың элементтері бар діни синкретизм таралды. Буддизм өзінің таралу процесінде бұрыннан бар нанымдарды жоюға тырыспады, керісінше оларды жергілікті құдайлар мен рухтармен бірге космологияға біріктірді. Ауылдарда буддистер арасында жергілікті құдайларға күнделікті проблемалармен – емделу немесе үйлену туралы өтінішпен, ал буддизмге – адам тағдыры туралы маңызды сұрақтарға жауап алу үшін жүгіну кең таралған.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Байтенова Н.Ж. и другие. Основы религиоведения. – Алматы: Қазақ университеті, 2015 г.
2. Sharma A. Problematizing Religious Freedom // Studies in Global Justice. – 2011. – № 9. – 263 p. // <http://www.springer.com/series/6958>
3. Утебаева Д.С., Курманалиева А.Д. Христиандықтағы миссионерлік қызмет ерекшеліктері // Адам әлемі журналы. – 2017. – №3 (73). – Б. 129-139.
4. Утебаева Д.С., Курманалиева А.Д. Христиан дініндегі миссионерлік қызмет тарихына шолу // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры Нұржанов Бекет Ғалымжанұлының еске алу кешіне арналған «Адамдық капитал және инноватика, қазақстандық қоғамдағы мәдениет пен дін мәселелері» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы, 2015. – Б. 162-164.
5. Cambridge dictionary // <http://dictionary.cambridge.org/dictionary/english/proselytize>.
6. <http://elibrary.kaznu.kz>
7. <https://www.britannica.com>

#### Дәріс 4. Христиандықтағы миссионерлік тарихы

Дәрістің мақсаты: христиандықтың таралу тарихын және христиан дініндегі бағыттардың миссионерлік қызметін талдау.

Дәріс тезистері: Христиан дініндегі миссия ұғымы – христиандық сенімді таратуға бағытталған ұйымдасқан әрекет дегенді білдіреді. Миссиялар діни сенімді таратудың әмбебап әрі трансмәдени әдісі ретінде христиан дінінің маңызды бөлігі болып табылады. Жақын аймақтарда дін таратудан бастау алған миссионерлік қызмет, уақыт өте келе әлемнің түрлі елдеріне арнайы дайындалған миссионерлер арқылы жүргізілетін деңгейге жетті.

Христиандықтың миссионерлігінің тарихын ерте христиандық; әулие әкейлер; орта ғасырлық; протестанттық (реформация); ағарту; экумендік кезең деп бөлуге болады. Аталған кезеңдердің әрқайсысына тән христиандық сенімді түсінудің өзіндік ерекшелігі болды. Сонымен бірге, христиандық миссияның да әр кезеңге сәйкес түсінігі қалыптасты. Сол себепті әр кезеңдегі христиандықтағы миссионерлік қызметтің сипаты да, әдіс-тәсілдері де өзгеріп отырды.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Курманалиева А.Д., Утебаева Д.С., Әскенұлы Е. Миссионерлік әдістері. – А., 2019 –178 б.
2. Миссионерская проповедь и распространение христианства в первые три века / пер. с нем.,

вступ. ст. и комм. проф. А. А. Спасского. — СПб.: Издательство Олега Абышко, 2007. — 384 б.

3. Гонсалес Х. Л. История христианства. От основания Церкви до эпохи Реформации. — Санкт-Петербург: Библия для всех, 2001. — Т. 1. — 124 с.

4. <http://elibrary.kaznu.kz>

5. <https://www.britannica.com>

Дәріс 5. Дағуат исламға шақыру ретінде

Дәрістің мақсаты: исламдағы дағуат ерекшеліктерін анықтау. Исламның таралу кезеңдерін жүйелеу.

Дәріс тезистері: Исламда дінге шақыруға және оның негіздерін түсіндіруге бағытталған әрекет - «дағуат» деп аталады. «Дағуат» сөзі этимологиялық тұрғыдан алғанда шақыру, үндеу, ұран деген мағынаны білдіреді. Оксфорд ислам сөздігіне сүйенсек, дағуат Құдайдың адамдарды сенімге шақыру жолы және елшілер арқылы жеке адамдар мен қауымдарды Құдайға оралуға шақыру болып табылады. Бірақ, исламдағы кейбір ағымдар дағуатты бастапқы Мұхаммед пайғамбар уағыздаған «таза исламға» және алғашқы мұсылмандық қауым үлгісіне қайта оралу деп түсіндіреді. Тарихи тұрғыда алғанда, дағуат сауда-саттық арқылы немесе мұсылман жаугершілігінің нәтижесінде жүзеге асты. Халифат қол астына жаңадан қосылған жерлерде мұсылмандардың бірлігін қамтамасыз ету үшін, дағуат жүргізу және оған қолдау көрсету халифтың міндеті болды. Ал, XX ғасырда дағуат әлеуметтік, экономикалық, саяси әрі мәдени іс-әрекеттің және батыс елдеріне қарсы ішкі мен сыртқы саяси стратегиялар негізіне айналды. Дағуат - отарлау құрбаны болған елдердің тәуелсіздікке ұмтылуының көрінісі болды. Сонымен қатар, дағуат ұғымына әлемдік исламдық қауымдастық құру идеяларын насихаттау деген анықтама берілді. Сауд Арабиясы және Ливия сияқты кейбір елде дағуатты жүргізу ісін өздерінің міндеті деп санайды.

Ислам дінін зерттеуші батыс ғалымы Пол Уокер өзінің «Құрани ілімдердегі дағуат» атты мақаласында «Дағуат - Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед оның елшісі екенін айғақтайтын, оған сенуге шақыратын ұстаным, әрекет. Дағуат исламды, ал ислам болса дағуатты білдіреді» деген анықтама береді. «Дағуат» сөзі ислам дінінің негізі болып табылады. Бұл сөз Құранда, оның түсіндірмелерінде, ауызша және жазбаша классикалық мұсылман мәтіндерінде және қазіргі теологиялық мәтіндерде жиі кездеседі. Құранда «дағуат» сөзі үш негізгі мәнге ие:

1) Құдайға немесе пұтқа табыну;

2) сұрау, үндеу (Құдай, пұттар, адамдар);

3) дінге шақыру (ислам немесе өзге діндер). Дағуат сөзінің саяси, діни, құқықтық салаларға және жеке адамға қатысты түрлі мағынасы бар.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Утебаева Д.С. The features of the spread of Islam //Materials of the XIII International scientific and practical Conference «Science and Civilization –2017» – Volume 7 : Philosophy . Music and life . Psychology and sociology . – Sheffield: Science and education LTD, 2017 – P. 64-69.

2. Paul Walker, "da 'wah: Quranic Concept," in The Oxford Encyclopedia of the Modern Islamic World. – Oxford: Oxford University Press, 1995. – 343 p.

3. Köse A. The assessment various factors in the spread of islam during the medieval period // Islam araştırmaları dergisi. – 1997. – Sayı 1. – P. 65-89.

4. Dawa // The Oxford Dictionary of Islam // <http://www.oxfordislamicstudies.com/article/opr/t125/e511>

5. Армстронг К. Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны. – А., 2018 (Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық).

6. <http://elibrary.kaznu.kz>

7. <https://www.britannica.com>

8. Құрманалиева А.Д., Утебаева Д.С. Ислам дінінің таралу тарихы және ерекшеліктері //

Дәріс 6. Христиан дінінің таралуы және несториандық ағымдардың миссионерлік қызметі  
Дәрістің мақсаты: несториандық ағымдардың миссионерлік қызметін және христиан дінінің таралу факторларын талдау

**Дәріс тезистері:** Қазақ жеріндегі христиандықтың таралуы Орта Азия, Таяу Шығыс елдерінің саяси және мәдени тарихымен тығыз байланысты. Оларды бөліп қарау мүмкін емес. Тарихи кәуәліктер мен археологиялық деректерге сүйенсек, қазіргі Қазақстан территориясындағы христиандықтың таралу тарихы ерте замандардан бастау алады. Қазақ жерінде таралған христиандық ағымдарының ішінде несториандық, яковиттік, католиктік, кейіннен орыс православиелік шіркеуінің миссионерлік қызметтері кеңінен таралды. Орта Азия мен Қазақстан жерінде христиандықтың таралуы әлі де зерттеліп жатқан мәселе. Сол себепті археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған ескерткіштер мен христиандық ритуалдық заттары түрлі авторлардың еңбектерінде әркілі түсіндіріліп, талданады.

#### Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Байпаков К.М. Христианство Казахстана в средние века. // Из истории древних культов Средней Азии. Христианство. – Ташкент, 1994. – С. 96-100
2. Кольченко В.А. Периодизация распространения христианства в Средней Азии по данным археологии// Буддизм и христианство в культурном наследии Центральной Азии: Материалы международной конференции. – Бишкек: ОФЦИР, 2003. – 264 с.
3. Орынбеков М.С. Генезис религиозности в Казахстане. – 2-е изд., перераб. и доп. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. – 204 с.
4. Аронсон Э. Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе. – А., 2018 (Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық)
5. Армстронг К. Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны. – А., 2018 (Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық).
6. <http://elibrary.kaznu.kz>
7. <https://www.britannica.com>

Дәріс 7. Ислам: қазақ жерінде таралу себептері мен факторлары  
Дәрістің мақсаты: Қазақстанда исламның таралуының негізгі факторлары мен кезеңдерін ашып көрсету

**Дәріс тезистері:** Қазіргі Қазақстан территориясында исламның таралуы бірнеше жүзжылдықтарға созылған үдеріс болды. Жаңа дінді қабылдауға керекті алғышарттар VIII ғасырда қалыптасты. Белгілі тарихшы Н.Д. Нұртазина кез-келген тарихты кезеңге бөлу талпынысы шартты түрде болатынына назар аудара отырып, исламдандыру үдерісін үш үлкен кезеңге бөледі. Алғашқы кезең – VIII ғ. мен X ғасырдың бірінші жартысы, бұл уақыт 751 жылғы Талас шайқасынан басталып, аңызға айналған «исламды ашушылар, яғни бабтардың» пайда болуы және Орталық Азиядағы алғашқы мұсылман мемлекеті – Қарахан қағанатының қалыптасуы аралығын қамтиды. Бірінші кезеңде Мәуренахрдағы Саманилер мемлекетімен халықаралық байланыстар мен оңтүстіктен келген рухани уағыз-насихат маңызды рөл атқарды. Келесі, шешуші маңызды кезең – X ғасырдың екінші жартысымен XIII ғасырдың басы – Қарахандық немесе «Йасауилік» деп аталған кезеңде түркілердің жаппай исламдануы белең алды. Үшінші кезең – XIII-XIV ғасырлар – бұл кезеңдегі исламдану реисламизация (исламды қалпына келтіру, қайта жаңғырту) және Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының билігі кезіндегі исламның таралуы сияқты сипаттардан тұрды.

Қазақ жеріндегі исламның таралу тарихының кезеңдеріне қатысты зерттеулер жүргізген ғалымдар хронологиялық тұрғыда түркілердің исламдану тарихын алты кезеңге бөледі:

1. VIII-IX ғғ. аралығы;
2. X-XVII ғғ. аралығы;

3. XVIII-XIX ғғ. аралығы;
4. XIX ғ. соңы XX ғ. басы;
5. 1917-1991 аралығы (кеңестік дәуір);
6. қазіргі кезең – тәуелсіздік орнағаннан кейінгі уақыт.

#### **Ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Ақатаев С.Н. Мироззренческий синкретизм казахов (Истоки народной мысли). – Алматы, 1993. – Вып. 1. – С. 44-47.
2. Бұлұтай М. Ж. Ата-баба діні? Түркілер неге мұсылман болды? – Алматы: Білім, 2000. – 504 б.
3. Нуртазина Н.Д. Распространение ислама и формирование казахской мусульманской традиции (VIII-нач. XIX вв.). – Алматы, 2016. – 354 б.
4. Кенжетай Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. – Алматы: Арыс, 2008. – 360 б.
5. <http://elibrary.kaznu.kz>

Дәріс 8. Орыс Православие шіркеуінің қазақтар арасындағы миссионерлік қызметі  
Дәрістің мақсаты: қазақ халқының отарлау және экспансия кезеңіндегі Орыс Православ шіркеуінің миссионерлік қызметінің мәнін анықтау;

**Дәріс тезистері:** Қазақстан территориясының Ресей империясының қол астына енгеннен кейін қазақ халқы көптеген саяси, мәдени және әлеуметтік тұрғыда өзгерістерді бастан кешірді. Бұл өзгерістер Патшалық Ресей билігінің отарланған аймақтарды мәдени, әкімшілік-аумақтық игеру ісінде және Қазақстанға мемлекеттік-шіркеулік құрылымды орнатуға деген талпынысынан көрініс тапты. Патшалық Ресей қол астындағы халықтарды бағындырып, империя құрамына интеграциялап, біртұтас идеологиялық кеңістік құру мақсатында православ шіркеуінің қызметіне сүйенді. Патшалық билік орыс православие шіркеуінің миссионерлік қызметінің нәтижелі болуы үшін оған жан-жақты қолдау көрсетті. Себебі патша өкіметі діні өзгерген халықты басқару оңай болатындығын жақсы білді. Уағыз-насихаттың сәтті жүруі үшін миссионерлік стандарт жанынан училищелер, жетімханалар, госпитальдар құруға көңіл бөлінді. Себебі орыстардың мұқтаж адамдарға көрсеткен қамқорлықтары жөнінде қырғыздардың оң көзқарастарын қалыптастыру қажет болатын. Миссияның барлық мүшелері миссионерлік мектептерде ұстаздық қызметін атқарды. Миссияға қосымша псаломщиктерді, ұстаздарды, аудармашыларды, фельдшерлерді ерікті қызметкерлер ретінде қабылдады. Орыс емес ұлттардың үлесі миссия қызметкерлерінің ішінде үштен екі бөлігін құрады. Олар әртүрлі қызметтер атқарып жүрген шоқынған қазақтар болды. Томск епархиясының Алтай және Қырғыз миссиялары тарапынан православиеге кіргізілген қазақтардың саны: 1885 жылы 11, 1888 жылы – 638, 1892 жылы – 25, 1893 жылы – 21, 1894 жылы – 86-ға жетті. 1901 жылы Алтай таулы округінде тұрған қазақтардың саны 27593 болған, шоқынғандар үлесі 2,8 %-ды құраған.

#### **Ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Рысбекова Ш.С. Миссионерская деятельность православной церкви в Казахстане // Вестник КазНУ. Серия философия. Серия культурология. Серия политология. – 2015. – № 1 (50). – С. 221-228.
2. Лысенко Ю.А. Миссионерство Русской православной церкви в Казахстане (вторая половина XIX – начало XX в.) / под. науч. ред. Ю.М. Гончарова. – Барнаул: Изд-во Алтайского университета, 2010 – 195 с.
3. Садвокасова З.Т. Религиозная экспансия царизма в Казахстане (вторая половина XIX – начало XX веков): учебное пособие для магистрантов. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 162 с.

4. Эгамбердиев М. Қазақстандағы орыстандыру саясаты (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы): оқу құралы – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 196 б.

5. Сақ Қ. Алаш көсемсөзі: дін мәселесі. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2014. – Т. 3. – 400 б.

6. <http://elibrary.kaznu.kz>

Дәріс 9. ҚР Тәуелсіздік жылдарындағы миссионерлік қызметтің ерекшеліктері

Дәрістің мақсаты: Қазіргі Қазақстандағы миссионерлік қызмет ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру.

**Дәріс тезистері:** Тәуелсіз Қазақстан Республикасы үшін миссионерлік қызметтің өткенін және бүгінгі келбетін зерттеу аса маңызды. Себебі миссионерлік қызметті қадағалау ісі ұлттық қауіпсіздікті сақтаумен тікелей байланысты. Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңының 1-бабының, 5-тармағында миссионерлік ұғымына мынадай анықтама берілген: «Миссионерлік қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, Қазақстан Республикасында тіркелген діни бірлестіктердің атынан Қазақстан Республикасының аумағында діни ілімді таратуға бағытталған қызметі». Онымен қоса, Қазақстан Республикасының аумағында миссионерлік қызмет жүргізудің талаптарына қатысты, заңның 8-бабында «Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар миссионерлік қызметті тіркеуден өткеннен кейін жүзеге асырады» деп бекітілген. Заңға сәйкес, миссионерлер жыл сайын тіркеуден өтіп отыруы тиіс. Тіркеуге рұқсатты діни әдебиеттер мен діни материалдарды дінтанулық сараптамадан өткеннен кейін береді. Дінтанулық сараптамадан өтпегендер және Қазақстанның конституциялық құрылымына, қоғамдық тәртіпке, адам құқықтары мен бостандықтарына, денсаулығына зиян келтіруі мүмкін тақырыптарды насихаттайтын миссионерлер тіркеуден өтпейді.

#### Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Курманалиева А.Д., Утебаева Д.С., Әскенұлы Е. Миссионерлік әдістері. – А., 2019 –178 б.
2. Армстронг К. История Бога: 4000 лет исканий в иудаизме, христианстве и исламе. — М.: Альпина Нон-фикшн, 2016. – 501 с.
3. Аронсон Э. Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе. – А., 2018 (Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық)
4. Армстронг К. Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны. – А., 2018 (Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық).
5. <http://elibrary.kaznu.kz>
6. <https://www.britannica.com>

Дәріс 10. Жаңа діни қозғалыстар және миссионерлік қызмет

Дәрістің мақсаты: Қазіргі әлемдегі діннің сакрализация және десакрализация дәрежесін бағалау.

**Дәріс тезистері:** Тәуелсіздік алған жылдардан бастап еліміздің территориясында жаңа, дәстүрлі емес діни ағымдардың таралуы белең алды. Ағылшын әлеуметтанушысы А. Баркер алғашқы болып «жаңа діни ағымдар» терминін анықтап, олардың бірқатар белгілерін атап өтеді. Оның айтуынша: «жаңа діни ағымдар XX ғасырдың 50-шы жылдары пайда болған, дін, философия және рухани өмір сияқты фундаменталды сұрақтарға жауап беруге тырысатын діни сенімдер. Олардың негізгі белгілері: экзотикалық шығу тегі; өмір салтының жаңа мәдени стилі; харизматикалық көшбасшының болуы; қоғамның назарын өзіне аударатындай ерекшелігінің болуы; халықаралық деңгейде қызмет ету және т.б.». Сонымен бірге, біздің пікірімізше, жаңа діни ағымдардың маңызды ерекшеліктерінің бірі миссионерлік қызмет болып табылады. Дәстүрлі діндер де миссионерлікпен айналысады. Десе де, жаңа діни ұйымдар өз қатарын сенушілермен толтыруға айрықша көңіл бөледі. Жаңа діни ұйымның әрбір мүшесі діни сенімді таратуға үлес қосады. Жаңа діни ағымдардың академиялық және бейтарап ұғым болып есептелетіндігіне, сондай-ақ, ғылыми қолданысқа «культ» пен «секта» терминдерін алмастыру мақсатында пайдаланатындығына назар аударған қазақстандық дінтанушы-ғалымдар бұл ұғымға мынадай анықтама береді: «Жаңа діни

ағымдар немесе дәстүрден тыс қозғалыстар бұл дін немесе шіркеу, деноминация ретінде қоғамда орын алмаған діни топтар». Жаңа діни ағымдарға жататын сенімдер тізімі әр елде қалыптасқан діни жағдайға байланысты өзгеріп отырады.

### Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Байтенова Н.Ж. және басқалар Қазіргі Қазақстандағы жаңа діни ұйымдар. – Алматы, 2010. – 320 б.
2. Борбасова Қ.М. Діни бірлестіктер және ұлттық қауіпсіздік мәселесі: монография. – Алматы, 2009 – 212 б.
3. Булова Е.Е. Тренды новой религиозности в современном Казахстане (опыт социогуманитарного измерения). – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2014. – 200 с.
4. Байтенова Н.Ж., Құрманалиева А.Д. Дінтану: энциклопедиялық сөздік. – А., 2014-2017 жж.
5. <http://www.niac.gov.kz/ru>
6. <http://www.niac.gov.kz/ru>
7. <https://kitap.kz/>

Дәріс 11. Қазіргі Қазақстандағы православ шіркеуінің миссионерлік қызметі

Дәрістің мақсаты: Православие шіркеуінің қазіргі миссионерлік қызметінің ерекшеліктерін зерттеу;

**Дәріс тезистері:** Православиелік миссионерлік қызмет әдіс-тәсілдерінің бес негізгі формаларын бөліп көрсетуге болады:

1) Тәрбиелік миссия (шіркеулендіру). Бұл Құдайды іздеушілермен, қасиетті Шоқынұға дайындалушылармен, сонымен бірге шоқындырылған болса да, христиан ілімнің негізін білмейтіндерге қатысты жүргізілетін миссионерлік жұмыс.

Православие ілімі үшін тәрбиелік миссияның алатын орны ерекше, себебі аталған миссия маңызды богословиелік тұғырларға, негіздемелерге сүйенеді. Олар:

- Қасиетті Жазудың Құдайдан келгендігін мойындау және Қасиетті Жазуды православ христианның өмірінің басым бөлігі ретінде қабылдау;

- шіркеуді Христос Денесі ретінде қабылдау және оған Құпиялықтар арқылы кіру;

- шіркеуден өз тұлғасының қасиеттерін толық ашуға мүмкіндік беретін игі сыйлар алған жаңа адамның өмірінің қуанышы туралы Шіркеу күәлігі;

- Евхаристияны православ христианның өмірінің орталығы ретінде және оның барлық қызметінің Христқа негізделгендігін қабылдау;

- шіркеу рәсімдеріне қатысу мәнін Құтқарылу Құпиясына қатысу деп мән беру, қабылдау.

Тәрбиелік миссия миссионерлік қызмет аясында арнайы миссионерлік рәсімдер өткізу, әлеуметтік-мәдени ортаның адамдарды шіркеуге келуіне мүмкіндік беретін тұстарын жақсарту, клириктер, қарапайым адамдарды, катехизаторларды қауымның жаңа мүшелерін шіркеулендіру үдерісіне қатыстыру, миссионерлік-ағартулық жұмысқа тікелей қатысуына ықпал ететін балалар мен жастардың рухани дамуына түрткі болатын арнайы миссионерлік орталықтар салу сияқты жұмыстар жүргізіледі. Аталған мәселелер христиан дініндегі миссионерлік жұмыстың жақсы дамығандығын көрсетеді.

2) Апологетикалық миссия туралы сөз қозғайтын болсақ, еретикалық, сектанттық және өзге де ілімдермен салыстыру арқылы ақиқатты дәлелдеу. Әсіресе, аталған миссия православиеле кейбір «жекелеген» евангелизаторлар мен православиелік емес миссионерлік бірлестіктердің прозелиттік қызметіне қарсы бағытта көрініс табады. Апологетикалық миссияның нәтижелі жұмыс жасауы үшін діни ұйымдардың прозелитизм сипаты мен әдістерін зерттейтін құрылымдар құру ұсынылады. Бұл жерден христиандық бағыттардың әр түрлі бағытта жұмыс жасайтындығы, кейде өзара келісімге келмейтін күрделі мәселелердің кездесетіндігін байқаймыз.

3) Ақпараттық миссия халыққа діни ілім негіздерін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, сонымен қатар приход кітапханаларын және арнайы миссионерлік әдебиетті шығару арқылы



жеткізу болып табылады. Осыған байланысты, ақпараттық кеңістікті, жаңа ақпараттық технологияларды (ғаламтор, телевидение және баспа бұқаралық ақпарат құралдары) игеру мәселесі жолға қойылған. Сонымен бірге, сенушіге өзіне қажетті ақпаратты алуына мүмкіндік жасау мәселесі де осы миссия аясында жүзеге асады.

4) Сыртқы миссия бұл христиандық ілім негіздерін білмейтін, ұлттық дәстүрі мен мәдениетін христиандыққа мүлдем қатысы жоқ халықтар арасында дін тарату болып табылады. Миссионерге арналған анықтамалықтарда, арнайы әдебиеттерде сыртқы миссия кімге бағытталуы және қалай жүзеге асуы керектігі туралы кеңестер мен ұсыныстар берілген. Этноконфессионалды қақтығыстар аясында православ христиандарының рухани мінде «сұхбат миссиясы» зор маңызға ие деген пікірлерге сүйенеді.

5) Татуласу, бейбіт өмір сүру миссиясы қоғамның түрлі салалары мен қабаттарында бейбітшілікті, татулықты сақтау идеясымен сипатталады. Аталған миссияда «қоғамдық қызмет сұхбаты» мәселесі де кеңінен көрініс тапқан.

#### **Ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Рысбекова Ш.С., Курманалиева А.Д., Мейрбаев Б.Б. Христианство в Казахстане: история и современность. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. –132 с.
2. О современной внешней миссии Русской Православной Церкви Документ принят на заседании Священного Синода Русской Православной Церкви. - 2013. – № 80. // <http://www.pravoslavie.ru/62847.html>
3. Информационная миссия Церкви. Итоговый документ V Общецерковного съезда епархиальных миссионеров Русской Православной Церкви // [http://www.kistine.ru/mission/mission\\_v\\_kongress\\_final\\_document-01.htm](http://www.kistine.ru/mission/mission_v_kongress_final_document-01.htm)
4. Қазақстан Республикасындағы митрополиттік аймақ ресми сайты // <https://mitropolia.kz/ru/eparh.html>.

#### **Дәріс 12. Қазіргі қазақстандық қоғамдағы ислам**

Дәрістің мақсаты: ислам құндылықтары мен ұлттық мәдениеттің, дін мен дәстүрдің өзара байланысы мен сабақтастығын анықтау; ҚР ҚМДБ дәстүрлі діни сананы насихаттау және қалыптастыру ісіндегі рөлін анықтау.

**Дәріс тезистері:** Ислам дінінде уағыз-насихат маңызды орын алады. Уағыз айту арқылы дін қызметшілері сенім негіздері және қағидаларымен халықты таныстырады. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясына сүйенсек: «Уағыз – Ислам дінінде Алланың барлығы мен бірлігі, дін шындығы жайлы және адамдарды дінге шақыру мақсатында айтылатын насихат сөздер. Уағыз жамағаттың алдында, оның сұранысына орай белгілі бір тақырыпты ашу үшін Құран кәрім аяттарынан, ғұлама-әулиелердің сыр-сөздерімен дәлелдене отырып, баяндалады» деп анықтама берілген. Уағыз мазмұнында Аллаға құлшылық етуден бөлек, имандылыққа, ізгілікке шақыру, адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу мәселелері қозғалады. Қазіргі Қазақстандағы исламның уағыз-насихаттық жұмыстардың негізі – дәстүр мен дін сабақтастығында деп айтуға болады. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы қоғамдағы діни сауатсыздықпен, соның салдарынан пайда болған адасушылық және діни негіздегі әр түрлі келеңсіз жағдайлармен күресу үшін халық арасында уағыз-насихаттық жұмыстар атқарады.

#### **Ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Байтенова Н.Ж. және басқалар Қазақстандағы діндер. – Алматы, 2008. – 399 б.
2. Шайкемелев М.С. Казахская идентичность: монография / под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2013. – 272 с.
3. Нуртазина Н.Д. Распространение ислама и формирование казахской мусульманской традиции (VIII-нач. XIX вв.). – Алматы, 2016. – 354 б.

4. Әбдірәсілқызы А. Дін. Дәуір. Дәстүр: Зерттеулер, мақалалар, сұхбаттар. – Алматы: Баспалар үйі, 2014. – 296 б.
5. Сейтахметова Н.Л. Дискурс традиции в ценностной парадигме ислама //Әл-Фараби. – 2012. – № 1 (37) – С.14-21.
6. Оңғаров Е.А. Қазақ мәдениеті және ислам құндылықтары – Алматы: Көкжиек, 2013. – 272 б.
7. Әділбаева Ш. Хадис – ғұрпымыз, сүннет – салтымыз – Алматы: Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2011. – 280 б.

Дәріс 13. Қазіргі әлемдегі миссионерлік әдістер мен стратегиялар

Дәрістің мақсаты: студенттердің миссионерлік әдістер мен стратегиялар туралы кешенді білімдерін қалыптастыру;

Дәріс тезистері:

Адамзаттың даму тарихы барысында миссионерлік қызмет әдістері мен формалары өзгеріске ұшырап отырды, нәтижесінде сыртқы миссия және ішкі миссия ұғымдары пайда болды. Сыртқы және ішкі миссияның айырмашылығы Шіркеудің миссионерлік қызметінің адресаттарының айырмашылығымен және қандай жағдайда жүзеге асырылатынымен байланысты. Ішкі миссия шоқындырылған, бірақ, христиандық ілімді толық меңгермеген Шіркеудің мүшелеріне қатысты, бұл миссия Шіркеудің құпия өміріне араласпаған мүшелерін рухани жетілдіру мақсатында жүргізіледі. Бұл миссияның ажырамас бөлігі ретінде катехизация мен діни білім жатады. Сыртқы миссия Шіркеуден тыс адамдарға қатысты бағытталған. Олар басқа діни сенімдегілер мен діни және діни емес, зайырлы дүниетаным өкілдері. Бұл миссияның нәтижесі ретінде Шіркеуге жаңа мүшелерді тарту болып табылады.

Заманауи христиан миссионерлерін миссиология саласындағы ғылыми зерттеулермен таныстыратын басылымдар бар. Олар: «Миссиология» журналы (Missiology), «Халықаралық миссиялар шолуы» (International Review of Missions), «Інжілдік миссия шығарылымы» журналы (Evangelical Mission Quarterly), «Миссионерлік зерттеулердің халықаралық Бюллетені» (International Bulletin of Missionary Research). Сондай-ақ, «Кеңейтілген зерттеулер мен коммуникациялар миссиясы» (Missions Advanced Research and Communications), АҚШ әлемдік миссия орталығы (US Center for World Missions), Шетелдердегі министрліктің оқу орталығы (миссия болса керек У.Д.) (Overseas Ministry Study Center) және т.б. көптеген миссионерлер мен христиандарға арналған зерттеу ұйымдары жұмыс істейді.

#### Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Інжілдік-христиан баптистерінің ресми сайты // <http://baptist.kz/>
2. Жетінші күн адвентистерінің ресми сайты // <http://www.adventist.su/>
3. Иегова күәгерлерінің ресми сайты // <https://www.jw.org/ru/>
4. Лункин Р. Н. Протестантизм и глобализация на просторах Евразии // Религия и глобализация на просторах Евразии/ под ред. А. В. Малашенко и С. Б. Филатова. М.: Московский Центр Карнеги, 2005, С. 90-125
5. «Жаңа өмір» шіркеуінің ресми сайты // [Newlife.kz](http://Newlife.kz)
6. «Агапе» шіркеуінің ресми сайты // <http://www.agape.kz/>
7. Пресветерианская церковь «Сион» // <http://zion-church.kz/our-mission/>
8. Вильковски Д. Арабо-мусульманские организации в современном Казахстане: внешнее влияние на исламское возрождение. – Астана; Алматы: ИМЭП при Фонде Первого Президента, 2014. – 192 с.
9. [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31067690](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31067690)
10. [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1000934](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1000934)
11. [https://tengrinews.kz/zakon/prezident\\_respubliki\\_kazahstan/konstitutsionnyiy\\_stroy\\_i\\_osnovyi\\_gosudarstvennogo\\_upravleniya/id-U1700000500/](https://tengrinews.kz/zakon/prezident_respubliki_kazahstan/konstitutsionnyiy_stroy_i_osnovyi_gosudarstvennogo_upravleniya/id-U1700000500/)

#### Дәріс 14. ХХІ ғасырдағы миссионерлік

Дәрістің мақсаты: миссионерлік ұйымдардың жұмыс стратегиясы мен әдістерін геосаясат тұрғысынан зерттеу, тиісті конфессиялық әдебиеттерді зерттеу және жеке бақылау материалдарын пайдалану

Дәріс тезистері: Христиандықтың православиелік, католиктік, протестанттық миссионерлігінің өздеріне тән ерекшеліктер болғанмен, түпкі мақсат біреу – інжілдендіру идеясын жүзеге асыру болуы (атап айтсақ, миссиолог Д. Мак Гавранның шіркеулердің христиандықтың қай ағым екендігіне қарамай, әлемде санының өсуі, жаппай інжілдендірудің бастамасы деген идеялар), бұл идеялардың негізіне айналды. Бұл дәрісте айтылған әдістердің бәрі христиандық миссионерлік тәсілдердің жан-жақтылығын және астарлы сырларын анықтауға мүмкіндік береді. Кез келген мемлекетте беделін арттыра түсу үшін миссионерлерді бейімдеу, оқыту жұмыстары жүргізіледі. Миссионердің қызметінің нәтижелі болуы оның жеке тәжірибесіне, әлеуметтік сұраныстарды толық білуіне, өзінің жеке потенциалына және христиандық ілімнің қағидаларын осы күннің қажеттілігімен ұштастыра білуіне тікелей байланысты екені анық. Миссионерлік тарихы миссионерлік әдістер мен миссионерлік стратегияларға негіз болған этноцентрлік, аккомодациялық және контекстуалды «миссиялық үлгілер» миссионерлік қызметтің жан-жақтылығын, бейімделгіштігін, қоғам сұранысының тамырын дәл басып тауып отыратын, және әрқашан қызмет көкжиектерін жетілдіріп отыратынын көрсетеді.

#### Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Курманалиева А.Д., Утебаева Д.С., Әскенұлы Е. Миссионерлік әдістері. – А., 2019 –178 б.
2. Митрович, Л. Религия, масс-медиа и культура мира / Л. Митрович // Репутациология. - 2010. - № 4. - С. 5-11.
3. Бош Д. Преобразование миссионерства: сдвиги парадигмы в богословии миссионерской деятельности. – СПб.: Библия для всех, 2013. – 640 б.
4. <http://www.akorda.kz/ru>
5. <http://www.religions-congress.org/>
6. <https://assembly.kz/ru>

#### Дәріс 15. Интернет кеңістігіндегі миссионерлік қызмет

Дәрістің мақсаты: жаңа акторлардың жұмыс істеу ерекшеліктеріне, миссионерлік қызметтің ақпараттық технологияларына, олардың саяси процеске әсеріне теориялық талдау жүргізу және қазіргі Қазақстанның рухани саласына экспансияны өзектендіру жағдайында қазіргі саяси-діни өмірдің даму векторларын анықтау;

Дәріс тезистері: Қазіргі кезде діни сенімдердің миссионерлік қызметі заманауи жаңа технологиялардың пайда болуы мен ақпараттық жүйелердің дамуымен тікелей байланысты. Әлемде WWW (World Wide Web) атауымен белгілі интернет адам өмірінің барлық салаларына еніп, бүгінгі тұрмыстың ажырамас бөлігіне айналды. Интернет – ақпарат алмасу, әлеуметтік желідегі қарым-қатынас, Google maps, Playmarket, App store сияқты қосымшалар дүкені, цифрлық үкімет, онлайн-оқыту, интернет-дүкен және т.с.с. көптеген мүмкіндіктерді беретін виртуалды орта. Осы виртуалды әлемнің тұтынушысына айналған қазіргі адамзат жаһандану құрбанына айналды. Ғаламдық өзгерістер барлық мемлекеттер мен ұлттарға ортақ кеңістіктің қалыптасуына алып келді. Жеке мемлекеттің өзіне тән ерекшелігі көмескіленіп, халықтың ұлттық бірегейлігі жаһандану үдерісі шеңберінде ықпалынан айырылды. Дамыған елдер заманауи технологияларды пайдалану арқылы дамушы мемлекеттерді бағынышты ету мақсатында рухани экспансия тәсілдерін де кеңінен қолданады. Сол себепті өзге елде ықпалын кеңейте түсуге мүдделі мемлекеттердің және түрлі радикалды топтардың қолдауына ие діни ұйымдардың интернет-кеңістіктегі миссионерлік қызметін жан-жақты талдау – бүгінгі күннің сұранысы.

#### Ұсынылатын әдебиеттер:

1 Маршалл Маклюэн. Галактика Гутенберга. Становление человека печатающего = The Gutenberg Galaxy: The Making of Typographic Man. – 2-е изд. – М.: Академический Проект, Гаудеамус, 2013. – 496 с.

2 Маршалл Маклюэн. Понимание медиа: внешние расширения человека = Understanding Media: The Extensions of Man. – М.: Кучково поле, 2007. – 464 с.

3 Заботин, Д.Н. Некоторые особенности религиозности в Интернете / Д. Н. Заботин. // Вестник Костромского государственного университета им. Н. А. Некрасова. - 2008. - Т. 14, N 4. - С. 254-257

4 Ястребов, А. Л. Эскиз новой религиозности: читатель и зритель в контексте смены медийных моделей (книга и ТВ как самоназначенные божества) / А. Л. Ястребов. // Религиоведение. - 2010. - N 1. - С. 172-185.

5 Утебаева Д.С., Құрманалиева А.Д., Абжалов С.У., Қаңтарбаева Ж.У. Features of missionary activities in Kazakhstan social research results // European Journal Science and Theology. - 2017. – Vol. 13, № 5. – P. 155-170.

6 Курманалиева А.Д., Утебаева Д.С., Әскенұлы Е. Миссионерлік әдістері. – А., 2019 –178 б.